

Бекітемін:

Мектеп директоры:

Ш.Б. Дауитбаев

» 2023 жыл



**2023-2024 оқу жылына арналған
тәрбие жоспары
«Амангелді жалпы білім беретін» КММ**

ӨСКЕЛЕН ЖАС ҰРПАҚТЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТКЕ БАУЛУ, ТӘРБИЕЛЕУ – БАРЛЫҚ КЕЗЕҢДЕ ӨЗЕКТІ. БІЗДІҢ КЕЛЕШЕГІМІЗ – ЖАС ҰРПАҚ, АЛ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ АДАМЗАТТЫҢ МӘҢГІЛІК ТАҚЫРЫБЫ.

ЕЛ ЕРТЕҢ БОЛАР БҮГІНГІ БАЛАЛАР МЕН ЖАСОСНІРІМДЕРДІ ТӘРБИЕЛЕУ, ӘЛЕУМЕТТІК ТҮРГЫДАН БАРЫНША ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ТОЛЫҚҚАНДЫ БІЛІМ АЛУЫНА ЖАҒДАЙ ЖАСАУ, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ САЯСАТЫНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ.

ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ ӨЗАРА ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТЫ, БІР БІРІНЕН БӨЛІП АЛУҒА БОЛМАЙТЫН БІРТҮТАС ПРОЦЕСС. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ПӘН МАЗМҰНЫ, СЫНЫП САҒАТТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕН, СЫНЫПТАН ТЫС ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ҚАСИЕТТІ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ, ТҮРКІ ЕЛІНІҢ ШАҢЫРАҒЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН - АДАЛ АЗАМАТ» АТТЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНДЕ: «АДАЛ АЗАМАТҚА ТӘН ҚАСИЕТТЕР ӘРБІР ЖАСТЫҢ БОЙЫНАН ТАБЫЛУЫ КЕРЕК, ҰРПАҚТЫҢ БОЙЫНДА ЖАМАН ӘДЕТ БОЛСА, БҰЛ ҮЛКЕНДЕРДІҢ КІНӘСІ»- ДЕЙ КЕЛЕ, ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ ҮШІН: БҮКІЛ ҚОҒАМ БОЛЫП ЖҰМЫЛУ КЕРЕКТІГІН:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;

- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;

- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ» – ҰЛТТЫҚ, АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН. БҰЛ ҚҰЖАТТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ТОЛЫҚҚАНДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛУЫ ТИІС ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ТӘРБИЕНІҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ АЙҚЫНДАЛАДЫ. ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БОЙЫНА СІҢІРГЕН, ӘЛЕМДІК ОЗЫҚ БІЛІМДІ ИГЕРГЕН САНАЛЫ АЗАМАТТЫ ТӘРБИЕЛЕУ МАҚСАТЫ КӨЗДЕЛЕДІ.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БОЙЫНА СІҢІРГЕН ЕҢБЕКҚОР, АДАЛ, САНАЛЫ, ЖАСАМПАЗ АЗАМАТТЫ ТӘРБИЕЛЕУ.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық

ӘДІЛДІК ҚАСИЕТТЕРІН ЖОҒАРЫ ҰСТАУҒА БАУЛУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл жәнанамысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққа икездігі қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.
-

ТӘРБИЕНІҢ КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫН ІСКЕ АСЫРУДА БАЛАЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРУДЕ БЕРІЛЕТІН ҰСЫНЫМДАР

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
 - баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
 - баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.
- Ұсынылады:*

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫС АЯСЫН КЕНЕЙТУ;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейсітік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б.

шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

ОТЫРЫП, ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ АТА-БАБАДАН МИРАС БОЛЫП ҚАЛҒАН МҰРАСЫН ДӘРІПТЕУ, ҰЛТТЫҢ КОДЫН САҚТАУДА ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНДАҒЫ РУХТЫ ОЯТУ, ОТАНШЫЛДЫҚ ПЕН МЕМЛЕКЕТШІЛІК СЕЗІМДЕРІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУ;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

-білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;

- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

ОРЫНДАЛҒАН ІС-ШАРАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛЛЕРДЕ ЖАРИЯЛАУ, #БІРТҮТАС_ТӘРБИЕ ХЕШТЕГІН ТЕГТЕУ

Ескерту: Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, өңірдегі жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды.

**ЖОСПАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА ЖАУАПТЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР: ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ;**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ;

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕНБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ;

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ; ҚАЗАҚСТАН

РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ;

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ; ҚАЗАҚСТАН

РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ;

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ;

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ;

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІ; ҚАЗАҚСТАН

ХАЛҚЫ АССАМЕЛЕЯСЫ

ОБЛЫСТАРДЫҢ, АСТАНА ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ӘКІМДІКТЕРІ.

ҚЫРКҮЙЕК

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары;
- 5 қыркүйек-Тілдер күні, апталық;
- Отбасы күні.

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Өткізілу формасы	Қатысушылар	Жауапты орындаушылар
1	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы	БІЛІМ КҮНІ / «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отансүйгіштік»/	Салтанатты жиын	1-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
		«Қауіпсіздік қасиеті» жобасы	«Абайлаңыз балалар!» қауіпсіздік акциясы /арнайы жоспар/	Тәрбие сағаты		
		«Өзін-өзі басқару» ұйымы «Құқықтық фракциясы	Білім басқармасы, құқық қорғау органы, прокуратура қызметкерлерімен бірлесіп «Мобильді чат» құру, бірлескен жоспар құру.	Қауіпсіздік қолхатын ұйымдастыру	1-11 сыныптар	БТЖО-Жүсіпов Е.Б
2	ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ	«Өнегелі бір сағат» жобасы	«Отбасы – бақыт мекені» (Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру)	Мобильді чатпен жұмыс Бірлескен жоспар бойынша жұмыс ұйымдастыру	«Мобильді чат» мүшелері	Сынып жетекшілер БТЖО-Жүсіпов Е.Б Психолог-Сұлтанова Г Әлеуметтік педагог-Төлегенова Г
			5 қыркүйек - ҚР халықтарының Тілдері күні мерекесін ұйымдастыру «Тәуелсіздік – мемлекеттік тіл тірегі»	Презентация-үш тіл менің тірегім Онкүндік	8-9 сынып оқушылары, Пән мұғалімдері	Сынып жетекшілер
3	РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ	«Қамқорлық»	«Мектепке жол», «Мектепке жиналуға көмектес» және «Адамдарға қуаныш сыйла!» қайырымдылық акциясы	Акция	1-11 сыныптар	БТЖО-Жүсіпов Е.Б Әлеуметтік педагог-Төлегенова Г
		«Өзінді сыйла»	«Жыныстық қатынас туралы»	Гинекология маманымен	8-11 сыныптар	БТЖО-Жүсіпов Е.Б

			рухани тәрбие	кездесу		Әлеуметтік педагог-Төлегенова Ғ
4	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Дәстүр мен тұрып» жобасы	«Отбасы-бақыт мекені» <i>/арнайы жоспар/</i>	Спорттық шаралар	1-11 сыныптар	БТЖО-Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер
			Бала тәрбиесіндегі отбасы ролін көтеру. «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы аясында мектепте», «Әкелер клубы», «Әжелер мектебі» құру. <i>/Арнайы жоспарлар әзірлеу/</i>	Жоспарға сәйкес	Әкелер, әжелер мектебінің мүшелері	Жүсіпов Е.Б Психолог-Сұлтанова Ғ
5	ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ	«Оқуға құштар мектеп» жобасы	Атаулы күн	Оқырмандар сайысы	5-10 сыныптар	Кітапханашы-Мағзумова А
6	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«ЭКОstart» жобасы	«Табиғат тамашалары» «Эко-мектеппен тығыз байланыс» <i>/Эко талаптарын орындау/</i> «Менің отбасым»	Сурет байқауы Акция Фото коллаж	1-4 сыныптар 5-7 сыныптар 8-11 сыныптар	Тәлімгер-Шойбекова С БТЖО-Жүсіпов Е.Б
7	КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы	«Көше тәртібі – өмір сүру тәртібі» «Болашаққа сенім» ұйымының төрағасымен кездесу (Жанарыс Хұмырзат) «Әкелер тағлымы» мектебін ашу	Ролдік ойындар Кездесу Әкелер мектебін ұйымдастыру	1-4 сыныптар 8-9 сынып	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер
8	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ	«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы	«Дұрыс тамақтану-үздік білім алудың жолы!» SAU ALHAMA «NO SMOKING DAY» шылым шегуге қарсы!	Тәрбие сағаты Акция	1-11 сыныптар 8-11 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер Медбике-Ахметова Г БТЖО- Жүсіпов Е.Б

ҚАЗАН

- 1 қазан – Мүғалімдер күні, Қарттар күні;
- Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жылдығы;
- Спандияр Кобеевтің туғанына 145 жыл
- 11 қазан Халықаралық қыздар күні

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Өткізілу формасы	Қатысушылар	Жауапты орындаушылар
1	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Құқықтық сана қауымдық пана» жобасы	«Қылмыссыз балалық шақ» <i>/арнайы жоспар/</i>	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер.
		«Өзін-өзі басқару» ұйымы «Құқықтық фракциясы	«Тұрмыстық зорлық – зомбылықсыз Қазақстан» <i>/арнайы жоспар/</i>	Акция		
2	РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ	«Өнегелі бір сағат» жобасы	«Ұстаз деген жарқын күні ғаламын»	Мерекелік кеш	11 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б
			«Ұлылықтың басында ұстаз тұрар!»	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
			1 қазан - Қарттар күніне арналған «Өз жүрегіңмен жылыту»	Қайырымдылық акциясы	1-11 сыныптар	
3	ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы	«Жалынды жазушы» (Спандияр Кобеевтің 145 жылдығы)	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
		«Оқуға құштар мектеп» жобасы	«20 ғасыр жазушысы» (С.Торайғыровтың 130 жылдығына орай)	Тәрбие сағаты	1-8 сыныптар	Сынып жетекшілер
4	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Оқуға құштар мектеп» жобасы	«Бір отбасы – бір кітап»	Сурет, бейне түсірілім байқауы	1-11 сыныптар	Кітапханашы-Мағзұмова А

5	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Экология және еңбек фракциясы	«Сақ болсаң, сау боласың!»	Марафон, видео түсірілімдер	1-7 сыныптар	Тәлімгер- Шойбекова С
		«Дәстүр мен ғұрып» жобасы	«Қыздарға әсемдік жарасалы» /11 қазан Халықаралық қыздар күні/	анталық	1-11 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б «Әжелер әлемі» клубының мүшелері
6	ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ	«Оқуға құптар мектеп» жобасы	«Тәуелсіз Қазақстанның жаһандық бастамалары.Халықара лық қауіпсіздікке қосқан үлесі»	Дебат	Дебат клубының мүшелері 7-9 сыныптар	Дебат жетекшісі- Жұманов Е.
		«Дәстүр мен ғұрып» жобасы	«Мектебім - мақтанышым»	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
7	КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ- ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ	«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы	«Туған жерімнің шырайлы жерлері»	Сынып сағаты	5-9 сыныптар	Сынып жетекшілер
			Дене тәрбиесі	Жоспарға сәйкес сыныптан тыс іс-шаралар (онкүндік)	1-11 сыныптар	Дене шынықтыру мұғалімдері
8	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ		«Жыныстық қатынас туралы»	Медицина қызметкерлері мен кездесу	7-11 сыныптар	Дене шынықтыру мұғалімдері

ҚАРАША

- 15 қараша-Ұлттық валюта күні;
- Күзгі демалыс.
- 11 қараша Балалар құқығын қорғау күні
- Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Өткізілу формасы	Қатысушылар	Жауапты орындаушылар
1	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Құқықтық сана қауымдық пана» жобасы	«Бала құқығын қорғаймыз»	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер
		«Оқуға құштар мектеп» жобасы	«Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!» <i>/арнайы жоспар/</i>	Сынып сағаты	5-11 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер
2	РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ	«Оқуға құштар мектеп» жобасы	«Мемлекеттік рәміздер мақтанышымыз»	Жалауым мақтанышым-челлендж	51-10 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер
		«Үнем қоғам құаты» жобасы	15 қараша-Ұлттық валюта күні «Тенге – Тәуелсіздік келбеті» «Ұлттық валютамыз – тәуелсіздігіміздің көрсеткіші» «Біз оқитын 30 кітап»	Сынып сағаты	5-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
3	ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ	Дәстүр мен ғұрып жобасы	Жүсіпбек Аймауытовтың өмірбаяны	«REDx» жұмысы	5-11 сыныптар	Кітапханашы-Мағзумова А
			«Ұлттық тәрбие – құндылық бастауы»	Сынып сағаты	1-11 сыныптар	Кітапханашы Мағзумова А
4	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Отбасы орта мектеп» жобасы	«Тогызқұмалақ-дау»	Үздік ЭССЕ конкурсы	5-9 сыныптар	Қазақ тілі пәні мұғалімдері
			«Әкеге-ізет, анаға – құрмет»	Отбасылық турниры	1-9 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Тәлімгер-Шойбекова С
					1-4 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б «Әкелер тағлымы» мектебінің мүшелері

5	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Еңбек елдің мұраты» жобасы	«Адал еңбек бейнесі»	Сурет конкурсы	2-3 сыныптар	Тәлімгер- Шойбекова С
		«Үнем - қоғам қуаты» жобасы	Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы»	Жарнамалық жұмыстар конкурсы	5-10 сыныптар	Тәлімгер- Шойбекова С
6	ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ	«Оқуға құштар мектеп» жобасы	Мектепте, үзілісте... «Ақын жазушылардың өлеңдерін оқу»	Бірыңғай оқу сағаты	2-7 сыныптар	Кітапханашы- Мағзумова А
		«Оқуға құштар мектеп» жобасы	М.Жұмабаевтың -130 жылдығы «Ұлы даланың ұландары» М.Жүсіп Көпеевтың өмірінен деректер	Сынып сағаты	1-11 сыныптар 8-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
7	КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ- ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ	«Еңбек елдің мұраты» жобасы	«30 үздік колонер бұйымы»	Байқау	1-10 сыныптар	Тәлімгер-Шойбекова С
		«Мәдениет және өнер» фракциясы	«Мен ерекше баламын» "Жұлдызға жол" балалар байқауы	Байқау Байқау	4-сыныптар 5-7 сыныптар	Сынып жетекшілер Музыка мұғалімі Тәлімгер
8	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ		«Шахмат-day»	Отбасылық турнир	5-7 сыныптар	Сынып жетекшілер Үйірме жетекшісі- Зейнуллин Ж
			«Әлемді бағындырған отандастарымыз»	Кездесу	8-11 сыныптар	
			«Дұрыс тамақтану-болашақ ұлт денсаулығын сақтау»	Тәрбие сағаты	1- 11 сыныптар	БТЖО - Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілері

ЖЕЛТОҚСАН

- 18 желтоқсан – ҚР тәуелсіздік күні;
- 1 желтоқсан - Халықаралық ЖИТС-ке қарсы күрес күні;
- М.Өтемісовтың туғанына 220 жыл

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Өткізілу формасы	Қатысушылар	Жауапты орындаушылар
1	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Құқықтық сана қауымдық пана»	«Тәуелсіздіктің қадамы»	Театр көрінісі	1-8 сыныптар	Ташпанова А Сынып жетекшілер
			«Бейбіт күннің батыры»	Кездесу	5-11 сыныптар	БТЖО - Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер
			«Тәуелсіздік –орындалған арман. Қазақстан жолы»	Мерекелік кеш	Мектеп ұжымы 9- 11 сыныптар	
2	РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ	«Дәстүр мен ғұрып»	«Мен және менің елім»	АРТ - көрмесі	1-11 сыныптар	Сынып жетекшілер Шойбекова С
3	ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ	«Оқуға құштар мектеп» жобасы «Ұшқыр ой» фракциясы	«Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығы»	Көрме	1-11 сыныптар	Кітапханашы- Мағзұмова А
			«Мәңгілік Елдің мызғымас 7 негізі»	Дебат	Дебат жұмының мүшелері	Дебат жетекшісі- Жұманов Е.
4	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Отбасы орта мектеп» жобасы	«Отбасы алтын дінгек»	Дөңгелек үстел	1-11 сыныптар	Әлеуметтік педагог- Төлегенова F Тәлімгер-Шойбекова С

5	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Үнем - қоғам қуаты» жобасы	«Декерлік қарым-қатынас этикасы»	Сынып сағаты	8-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
6	ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ	«Еңбек елдің мұраты» жобасы	«Қазақстанның дамуы жастар қолында» «Ең үздік – Ұлан» «Жылдың үздік сыныбы»	Ток-шоу Байқау Байқау	7-10 сыныптар 5-11 сыныптар 1-11 сыныптар	Дебат жетекшісі- Жұманов Е Тәлімгер-Шойбекова С Тәлімгер-Шойбекова С
7	КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ- ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ	«Рухани жанғыру» бағдарламасы	Жаңа жылдық шырша	Мерекелік іс-шара	1-11 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер
8	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ	«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы	«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес» ЖИТС қарсы күн «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!»	Сынып сағаты Спорттық сайыстар	5-11 сыныптар 1-11 сыныптар	Мектеп дәрігері Ахметова Г Сынып жетекшілері Дене шынықтыру мұғалімдері

ҚАҢТАР

- ҰЛЫ ЖҮЗДІҢ БИІ, ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЕҢ КӨРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕРІ БҰҚАР ЖЫРАУ - 330 ЖАСТА;
- ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС.

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Өткізілу формасы	Қатысушылар	Жауапты орындаушылар
1	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Адал friends» жобасы	«Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер» «Жемқорлықтың тарихи тамыры» «Жемқорлыққа қарсылық»	Дебат Тәрбие сағаты Тәрбие сағаты	Дебат клубының мүшелері 5-7 сыныптар 1-11 сыныптар	Дебат клубының жетекшісі-Жұманов Е Сынып жетекшілер
2	РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ	«Қоғамға қызмет» жобасы	«Қазіргі жастардың өмірлік басымдықтары» «Қамқорлық» акциясы	Акция	8-9 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер
3	ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы	«Тату үйдің тамағы тәтті» «Ғасырдың дара перзенті» Бұқар жырау жайлы	Видеоролик жарысы Тәрбие сағаты	Пән мұғалімдері 8-11 сыныптар	Тәлімгер- Шойбекова С Кітапханашы – Мағзұмова А Сынып жетекшілер
4	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Отбасы орта мектеп» жобасы	«Отбасылық таланттар»	Отбасылық шығармашылық фестивалі	1-8 сыныптар	Сынып жетекшілер
5	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ	«Ерте жастаң экологиялық мәдениет» жобасы	«Ер дәулеті еңбек»	Шеберлік сағат	9 сыныптар	Сынып жетекшілер

	ТӘРБИЕ					
6	ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ	«Оқуға құштар мектеп» жобасы	«Бірге кітап оқиық!»	Эстафета	5-11 сыныптар	Кітапханашы – Мағзұмова А Сынып жетекшілер
7	КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ- ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ	«Мектептегі бір күн» жобасы	«Оқушы мен ұстаз мәдениеті»	Дөңгелек үстел	10 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекші
8	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ	«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы	«Қызықты қыс»	Спорттық ойындар	2-сыныптар	Дене шынықтыру мұғалімдері

АҚПАН

- Ақпан бойы – Аязды күндер өрнегі
- Ақпан бойы – Тұмаудың алдын алу

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Өткізілу формасы	Қатысушылар	Жауапты орындаушылар
1	ЖАНА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Құқықтық сана қауымдық пана» жобасы	«Балалар қылмысы:ұрлық пен бопсалау» «Құқықтық сауаттылық - заман талабы»	Тәрбие сағаты	1-4 сыныптар	ДТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер
2	РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛК ТӘРБИЕ	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы	«Жұлдызды сәт» <i>салт-дәстүрдің ең үздік бізгірі</i>	Сайыс	8-сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілері
3	ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ	«Адал friends» жобасы	«Діни экстремизм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп»	Ақпараттық сағат	8-11 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілері
4	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Отбасы орта мектеп» жобасы	«Бақытты отбасы-зорлық зомбылықсыз әлем»	Әңгіме, кеңес	7 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілері
5	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Еңбек елдің мұраты» жобасы	«Ізденіс,еңбек,талпыныс- жетістік кілті	Кездесу	9-11 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілері
6	ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ	«Оқуға құштар мектеп» жобасы	«Өзінді тану-өмірді тану» «ІТ – келешегі кемел сала»	Пікірталас	9-сыныптар	Кітапханашы- Мағзұмова А
				Дөңгелек үстел	10-сыныптар	БТЖО - Жүсіпов Е.Б. Аханов А

7	КОПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ- ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ	«Дәстүр мен тұрып» жобасы	«Адам бойында бәрі де әдемі,сұлу болуға тиіс»	Қыздар кеңесі	8-11 сынып қыздары	«Әжелер әлемі» клубының мүшелері Психолог-Сұлтанова Г
8	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ	«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы	«Отбасылық эстафеталық ойындар»	Жарыс	5-6 сыныптар	Дене шынықтыру мұғалімдері
			«Денсаулық – ең басты қажеттілік»	Ойталқы	7-8 сыныптар	Дене шынықтыру мұғалімдері

НАУРЫЗ

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні
- 22 наурыз - Наурыз мейрамы
- 27 наурыз - Дүниежүзілік театр күні

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Өткізілу формасы	Қатысушылар	Жауапты орындаушылар
1	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Адал friends» жобасы «Құқықтық сана қауымдық пана» жобасы	«Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» «Үміт сәулесі» акция	Эссе конкурсы Жас қырандылар акциясы	8-9 сыныптар 1-4 сыныптар	Қазақ тілі пәні мұғалімдері БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер
2	РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы	1 наурыз – Алғыс айту күні «Алғыс – бұл ...» «Наурыз-бірліктің, еңбектің, татулықтың, ізгіліктің мерекесі» мерекелік іс-шара «Наурызым – күт берекем!» «Анама арнаймын»	Тәрбие сағаты Мерекелік Концерт Ашық тәрбие сағаттары Акция	1-11 сыныптар Наурыз 5-11 сыныптар 1-4 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер БТЖО- Жүсіпов Е.Б Тәлімгер – Шойбекова С Сынып жетекшілер Сынып жетекшілер Тәлімгер-Шойбекова С Сынып жетекшілер
4	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Отбасы орта мектеп» жобасы «Дәстүр мен ғұрып» жобасы «Ұшқыр ой» дебат фракциясы	«Атадан-өсиет, анадан-қасиет» (<i>тыйым сөздердің мағынасы</i>) «Мамандықтар әлемін ашамыз»	Зияткерлік ойындар	8-9 сыныптар	Дебат клубы жетекшісі- Жұманов Е.
	ЕНБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ	«Еңбек-елдің мұраты»	Апталық	Апталық	1-4 сыныптар	БТЖО - Жүсіпов Е.Б Психолог-

5	ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	жобасы «Экология және еңбек» фракциясы «ЭКОstart» жобасы	«Шығыстың киелі мекендеріне саяхат»	Жас блогерлерге арналған конкурс «Сурет» номинациясы	7-9 сыныптар	Сұлтанова Г Тәлімгер-Шойбекова С
			«Халқымыздың батыр қыздары туралы деректер»	Онлайн – викторинасы	5-8 сыныптар	Тарих пәні мұғалімі- Әубәкір Г
			«Сырласайық сырғалым» <i>/Жеңге мен қайыңсіңірінің қатысуымен/</i>	Сайыс	9 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б «Әжелер әлемі» клубының мүшелері
7	КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ- ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ	«Дәстүр мен тұрып» жобасы	8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай «Әлем бесігін тербетіпін жан-АНА»	Мерекелік іс-шара	9-11 сыныптар Мектеп ұжымы	ДТЖО- Жүсіпов Е.Б Тәлімгер-Шойбекова С
			Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай «Ауырмаймын десең...»	Бюллетень сайысы	1-4 сыныптар	Медбике – Ахметова Г Сынып жетекшілері
8	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ	«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы	«Білгіштер»	Қазақ ойындары брейн-рингі	9-11 сыныптар	Дене шынықтыру мұғалімдері
			«Ұлттық ойын- ұлт казынасы»	Қазақтың ұлттық ойындары	5-7 сыныптар	Дене шынықтыру мұғалімдері

СӘУІР АЙЫ

- 12 сәуір-Ғылым күні
- Төле бидің туғанына 360 жыл

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Өткізілу формасы	Қатысушылар	Жауапты орындаушылар
1	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы	«Батырлардың ерлігіне жүрегіңмен жақында» (<i>Ауған соғысы жауынгерлері туралы</i>) «Өрле Қазақстан» 12 сәуір- Ғарышкерлер күніне орай «Ғарышқа түрен салған кыран қазақ!» «Достық - көмекпен мықты» «Біз бәріміз бірдейміз!»	Кездесу Патриоттық әндер байқауы Дөңгелек үстел, тәрбие сағаттары Идеялар аукционы Толлеранттылық сабағы	5-9 сыныптар 1-4 сыныптар 5-10 сыныптар 5-9 сыныптар 9-11 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер БТЖО- Жүсіпов Е.Б Музыка мұғалімдері Сынып жетекшілер БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер БТЖО- Жүсіпов Е.Б Тәлімгер-Шойбекова С Сынып жетекшілер
2	РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы «Адал friends» жобасы	«Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» «Ұмыт болған ұлттық тағамдар»	Сән апталығы Сынып сағаты-Бейне түсірілім Бейне көрсетілім	1-11 сыныптар 8-11 сыныптар 1-4 сыныптар	БТЖО - Жүсіпов Е.Б «Әжелер әлемі» клубының мүшелері БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер Тәлімгер – Шойбекова С
3	ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы	«Отбасымен бірге өткізген қуанышты күндерім!» «Екі жұлдыз» «Отбасылық ән байқауы»	Байқау	1-10 сыныптар	Ержігітова А Сынып жетекшілері
4	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Отбасы орта мектеп» жобасы	«Табиғат тамашалары»	Суреттер байқауы	5-6 сыныптар	Тәлімгер-Шойбекова С
5	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ	«Экология және еңбек»				

	ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	фракциясы «Үнем - қоғам қуаты» Жобасы	«Барлық жағынан жетістікке жетудің сыры неде?»	Дебат	Клуб мүшелері	Дебат жетекшісі- Жұманов Е
6	ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ	«Оқуға құштар мектеп» жобасы	«Ұлы Дала мұрагерлері» жобасы	«TEDx» жобасы	9-11 сыныптар	Кітапханашы Мағзұмова А Сынып жетекшілері
7	КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ- ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы	«Шеберлер қаласы: аға- бабаларымыздың мұрасын сақтаймыз және көбейтеміз»	Өлкетану сәндік- қолданбалы шығармашылы ғы	8-9 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілері
8	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ	«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы	7 сәуір – Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай «Дені сау ұрпақ-ел болашағы»	Мамандармен кездесуі	1-7 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер Дене шынықтыру мұғалімдері
			«Түімді әрі пайдалы тамақтану негізі»	Сынып сағаты	8-9 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілері

МАМЫР

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Өткізу формасы	Қатысушылар	Жауапты орындаушылар
1	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Құқықтық мәдениет» жобасы	«Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» «Жас сарбаздар шеруі» Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған «Патриот» апталығы /арнайы жоспар/	Онкүндік Саптық шеру Апталық	6-11 сыныптар 8-10 сыныптар 1-11 сыныптар	Сынып жетекшілері АӘД мұғалімі-Искаков Е
2	РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ	«Адал friends» жобасы	«Тағдырыңның кілті -өз қолыңда!»	Пікірталас	9-11 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер
3	ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ	«Адал ұрпақ – саналы ұрпақ» жобасы	«Тарихтан тағылым- өткенге тағзым» /31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні /	Тәрбие сағаты	1-4 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер
4	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Оқуға күштар мектеп» жобасы	«Оқырмандар отбасы»	Байқау	1-11 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер

5	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Үнем - қоғам қуаты» жобасы	«Бір реттік ыдыстардың пайдасы мен зияны туралы»	Пікірталас	7-9 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б
6	ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ	«Өнегелі бір сағат» жобасы	«Ұстазға алғыс»	Бейне блогтар челленджі	10-11 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Тәлімгер- Шойбекова С Сынып жетекшілер
7	КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ- ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы	«Ынтымағы жарасқан, туған өлкесі - Қазақстан» // 1 мамыр -Қазақстан халықтарының бірлігі күні/	Мерекелік концерт	1-10 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер
			«Сыңғырла, соңғы қоңырау- 2023» «Қош бол, алтын ұя, мектебім» (мектеп тұлғаларының аттестат алу кеші)	Салтанатты жиын	9-11 сыныптар	БТЖО- Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер
8	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ	«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы	«Судағы қауіпсіздік ережесі мен жүріс-тұрыс қағидалары»	Танымдық сабақ	1-11 сыныптар	БТЖО - Жүсіпов Е.Б Сынып жетекшілер